

Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 16 маусым N 1228 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Құқықтық реформа - аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттердің бірі, белгіленіп отырған барлық қоғамдық өзгерістердің ойдағыдай іске асуы да соны шешуге байланысты болады.

Мемлекеттік құқық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асырудың пәрменді тетігін жасау, Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Құқықтық реформаны жүзеге асыру жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, жергілікті атқару органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметін үйлестіріп отыру Әділет министрлігіне жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің заң шығару инициативасы ретінде дайындалатын заңдар жобаларының басты әзірлеушісі болып Әділет министрлігі белгіленсін.

3. Жоғарғы Кеңестегі құқықтық мәселелер бойынша Президент пен Министрлер Кабинетінің өкілдігі Әділет министріне тапсырылсын.

4. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар әзірлеген азаматтардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қозғайтын құқықтық актілердің жобалары Министрлер Кабинетіне олар Әділет министрлігінде құқықтық сараптан өткізілгеннен кейін ғана тапсырылатын болып белгіленсін.

5. <*>

Ескерту. 5-тармақ күшін жойған - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.12. N 2679 заң күші бар Жарлығымен. U952679_

6. Әділет министрлігі тиісті министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволар мен ғылыми мекемелердің қатысуымен құқықтық реформаның заңдарды жүйеге түсіру, сот реформасының ұйымдық-материалдық әзірлігі, нотариат, АХАТ /Азаматтық хал актілерін тіркеу/ органдары және өзге заң

мекемелері жүйесін жетілдіру мәселелерін қамтитын мемлекеттік бағдарлама әзірленсін.

7. Әділет министрлігі жанынан ғылыми-зерттеу заң институты құрылып, оған заң жобалары жұмысын ғылыми және практикалық қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілер жобаларына құқықтық және криминологиялық сараптау жүргізу, сондай-ақ қабылданған заңдардың тиімділігін болжау функциялары жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының қызметкерлері үшін көзделген тиісті жеңілдіктер институттың қызметкерлеріне де қолданылсын.

8. Әділет министрлігі жанынан Республикалық құқықтық ақпарат орталығы құрылсын және оның негізінде тұтынушыларға құқықтық-ақпараттық қызмет көрсету, автоматты жүйелерді пайдалана отырып, оларды анықтамалық-әдістемелік материалмен, заң құжаттарының үлгілерімен жабдықтау ұйымдастырылсын.

9. Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Әділет министрлігімен бірлесіп, нормативтік құқықтық актілерді, анықтамалық-әдістемелік материалдарды ресми жариялауға, заң практикасы тәжірибесін таратуға, халыққа құқықтық тәрбие беру мен ағартуға маманданған республикалық баспа мен заң газетін құру туралы ұсынысты 1993 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде Министрлер Кабинетіне тапсырсын.

10. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарының азаматтардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қозғайтын немесе ведомствоаралық сипаты бар 1993 жылғы 28 қаңтардан кейін қабылданған нормативтік актілері Әділет министрлігінде ресми тіркеуден өткізілетін және заңда белгіленген тәртіппен жарияланатын болып белгіленсін.

11. Министрлер Кабинеті:

- республикада заң оқу орындарын ашуын және олардың қызметінің қажеттілігінің негізділігіне тексеру ұйымдастырсын;

- республиканың заңгер кадрларға деген қажетін қанағаттандыру,

заң білімін дамыту және оның сапасын арттыру үшін заң институтын құратын болсын;

- осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

- Жарлықта баяндалған шараларды қаржылық-материалдық қамтамасыз ету жөніндегі Әділет министрлігінің ұсыныстарын қарасын;

- осы Жарлыққа сәйкес Әділет министрлігі туралы Ережеге және

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өзге де шешімдеріне өзгерістер енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК